



**Мақта қыз бен мысық ертегісінің желісі
бойынша математикадан
бекіту сабағы.**

Сабақтың тақырыбы: Бекіту

Сабақтың мақсаты: оқушылардың математикалық тапсырмалар (жаттығулар, мысалдар, есептер) түрлерін ажырата білуін, ойлау қабілеттерін, жылдамдық, Есептеу дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Көрнекіліктер: 10 – дейін кеспе цифрлары ноутбук “Мақта қыз бен мысық” ертегісінің суреттері.

Кейіпкерлер тапсырмалары: бөлек – бөлек конвертке салынған қосу, айырма, өрнек, тура, тура емес теңдік және теңсіздіктер жазылған карточкалар, карта ойыны.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.



Сабағымызды мынандай әнмен бастаймыз:

**Есептеуге жүйрік болсаң жасыңнан,
Математикаға орын берсең басыңнан
Барлық ғылым саған үйір болады
Досың солар табылатын қосыңнан**

II. Психологиялық дайындық

Бір – біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуы арқылы бір – бірімізге жылы лебіздер тілейік.

1. Еліме тыныштық тілеймін!
2. Күніміз жарық болсын!
3. Аспанымыз ашық болсын!
4. Деніміз сау болсын!
5. Нанымыз көп болсын!
6. Көк туымыз биік болсын!

III. Негізгі бөлім:

- Балалар, бүгін біз ертегілер әлеміне саяхатқа шығамыз. Саяхатқа шығар алдында өткен тақырыптарды қайталап өтейік.



Мұғалім: Бізге математика сабағында есеп шығару үшін нелер қажет? **(сандар)**

1 – тапсырма:

**0 – 10 дейін ауызша тура және кері санау.
Алдарындағы карточкалар мен сандарды
өсу ретімен қою.**

0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10



2. Тапсырма

Ұлу 1 минутта 1 см жоғары жылжиды.
2 минутта неше см жоғары жылжиды?




IV. Мұғалім:

Өте жақсы, біз енді ертегі сабағымызды бастаймыз.


Ертегіміздің аты: **“Мақта қыз бен мысық”** Ерте, ерте,

ертеде Мақта қыз бен мысық екеуі дос болыпты.

Мақта қыз үй жинап жүріп бір мейіз тауып алады да, мысығын шақырады. Мысық келмейді. «Келмесең, Келме». деп мейізді өзі жеп қояды. Бір кезде мысық келіп «Неге шақырдың?» деп сурайды. Мақта қыз айтпайды. «Айтпасаң, айтпа мен қатығыңды төгіп тастаймын, - дейді мысық. Мысық қатықты төгеді, Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық: «Апа құйрығымды берші?» - дейді. «Сен менің тапсырмаларымды орындасаң мен сенің құйрығыңды қайтарып беремін», - дейді Мақта қыз. Ал, балалар, енді біз мысыққа көмектесейік. Мақта қыз құйрығын беру үшін осы ертегілердегі кейіпкерлердің тапсырмаларын орындайық.



1. Сиырдың тапсырмасы:



$9 - 3$



9 дана

$3 + (2 + 5)$



2 дана

$9 - 5$




5 дана

$9 - (3 + 2)$



3 дана




2. Ағаштың тапсырмасы:





3. Қосуды ең тиімді тәсілмен орында:

$$2 + 8 \quad 1 + 9 \quad 5 + 3 \quad 3 + 4 \quad 10 + 0 \quad 6 + 3$$



3. Дүкеншінің тапсырмасы:



Есепте! «Математикалық парашюттар».



4. Тауықтың тапсырмасы:




5. Есептердің шартын, сұрағын, шешуін және жауабын салыстыр.

10 бала айналмалы әткеншек теуіп жүр еді. Олардың 7 – еуі түсіп кетті. Әткеншекте неше бала қалды.

Бірнеше бала айналмалы әткеншек теуіп жүр еді. Олардың 7 – еуі түсіп кеткеннен кейін әткеншекте 3 бала қалды. Барлығы неше бала әткеншек тепті ?

5. Тышқанның тапсырмасы:



6. Салыстыр:

$10 \square 8$

$3 \square 7$


$5 \square 9$

Сергіту сәті:

*Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Бесті беске қосайық
Алақанды соғайық.*



6. Мақта қыздың тапсырмасы:



Санадады кестеге цифрлармен жаз:
жиырма : отыз ; тоқсан, сегіз, үш.

Онд.	Бірл.

6. Мақта қыздың тапсырмасы:



Балапанға көмектес:

$$(10 - 5) - \square = 9$$

$$= \begin{matrix} \text{chicken} \\ \leq + \geq \end{matrix}$$

V. Қорытынды бөлім:



Балалар, Мақта қыз сендердің білімдеріңе риза болып, мысықтың құйрығын қайтарып беретін болды. Мысықта сендерге өте риза.

VI. Үйге тапсырма беру.

VII. Сабаққа қатысқан оқушыларды бағалау, мадақтау.





**Назар аударып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**

